






БЕКІТІЛДІ  
Басқарма шешімімен  
03.09 2021 ж.  
№14 хаттама

Тәлімгерлік туралы ереже  
«С.Ж. Асфендияров атындағы  
Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ

Қолдану мерзімі « <u>03</u> » <u>09</u> 20 <u>21</u> ж. бастап « <u>03</u> » <u>09</u> 20 <u>24</u> ж. дейін	Ұзарту мерзімі « <u>  </u> » <u>      </u> 20 <u>  </u> ж. дейін	Мәртебесі: Әрекеттегі <input checked="" type="checkbox"/> Ескірген <input type="checkbox"/>
Алдыңғы ескірген құжат: № <u>119</u> ректордың бүйрығы « <u>15</u> » <u>03</u> 20 <u>17</u> ж.	Күжатты басқаратын тұлғаның қолы	Код № <u>180744 - 0008</u> Экземпляр № Көшірме №



## КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Атауы	Құрылымдық бөлімшенің атауы	Жауапты тұлғаның Т.А.Ә., қолы, визаның қойылған күні	Накты орындаушының лауазымы, Т.А.Ә., қолы, визаның қойылған күні
ӘЗІРЛЕУ	Жастар саясаты баскармасының басшысы	Аскаров Е.А.  «___» ____ 20 ____ ж.	Жармаганбет Р.У., бас маман  «___» ____ 20 ____ ж.
	Академиялық қызмет бойынша проректор	Байльдинова К.Ж.  «___» ____ 20 ____ г.	«___» ____ 20 ____ г.
КЕЛІСУ (күжат келісілетін басшының құрылымдық бөлімше атауы)	Корпоративтік даму жөніндегі проректор	Датхаев У.М.  «___» ____ 20 ____ ж.	«___» ____ 20 ____ ж.
	Ректор аппаратының басшысы	Аубакиров Б.Ж.  «___» ____ 20 ____ ж.	«___» ____ 20 ____ ж.
	Заң басқармасының басшысы	Гайтова М.А.  «___» ____ 20 ____ ж.	 «___» ____ 20 ____ ж.
	Сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысы	Масanova А.А.  «___» ____ 20 ____ ж.	«___» ____ 20 ____ ж.
TIPKEY	Кадрлық жұмыс баскармасы	«___» ____ 20 ____ ж.	«___» ____ 20 ____ ж.
ЖІБЕРУ	Барлық құрылымдық бөлімшелерге жіберу		



## МАЗМУНЫ

1.	Жалпы ереже	4
1.1	Қолдану саласы	4
1.2	Нормативтік сілтемелер	4
1.3	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	4
2.	Тәлімгер мен әдвайзердің мақсаты мен қызметі	5
3.	Тәлімгер мен әдвайзердің құқығы мен міндеті	7
4.	Біліктілік талаптары	8
5.	Университет тәлімгерлер кеңесі	8
6.	Жауапкершілік	9
7.	Қорытынды ереже	9
8.	Өзгерістерді тіркеу парагы	10
9.	Танысу парагы	11



## 1. Жалпы ереже

### 1.1 Қолдану саласы

- 1) Осы құжат университет тәлімгерлігі туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамындағы (бұдан әрі – Университет) тәлімгерлік қызметтің тәртібі мен үйымдастырылуын реттейтін және құқықтары мен міндеттерін белгілейтін университетте білім беру үдерісіне жауапты лауазымдық тұлғаларымен (профессор-окытушылар құрамы) және басқа да құрылымдық бөлімдерімен (мектеп деканаттары, кафедралар) езара байланыстырылығын көрсететін негізгі нормативтік құжат болып табылады.
- 2) Болашақ дәрігерлерді кәсіби дайындау жүйесінде білім алушылармен жүргізілетін тәрбие жұмысы университет қызметіндегі басымды бағыттарының бірі ретінде қарастырылады және оқыту мен тәрбиенің тұтастырын қамтамасыз ету, білім беру мен тәрбие үдерісінің тиімділігін арттыру мақсатында әрбір академиялық топқа тәлімгер немесе әдвайзер бекітіледі.
- 3) Ереже мен оның өзгерістері университет басқарма шешімімен бекітіледі.

### 1.2 Нормативтік сілтемелер

- 1) Осы Ереже келесі нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:
  - «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заны;
  - «С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ жарғысы;
  - Университеттің академиялық саясаты.

### 1.3 Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

Осы Ережеде келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар қолданылды:

- **білім алушы (студент)** – білім беру бағдарламасы бойынша техникалық және кәсіби білім алу үшін белгіленген тәртіппен оқу орнына қабылданған тұлға. Білім алушыларға: оқушы, студент, курсант, докторант, тындаушылар және білім алушылардың басқа да санаттары жатады;
- **білім беру бағдарламасы** – оқытудың мақсатын, нәтижелері мен мазмұнын, білім беру процесін үйымдастыруды және оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау критерийлерін қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының бірыңғай кешені;
- **білім беру бағдарламасы (ББ)** – белгілі бір дәреже (бакалавр, магистр, дәрігер немесе доктор) беру үшін қажетті модульдер немесе курс бірліктерінің бекітілген жиынтығы;



- **білім беру қызметі** – білім беру субъектілерінің мақсатты, педагогикалық негізделген, дәйекті өзара әрекеттесу барысында жеке тұлғаны оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттері шешілетін процесс;

- **ЖОЖ** – жеке оқу жоспары;

- **ЖСБ** – жастар саясаты басқармасы;

- **оқытушы** – бір нәрсені оқытумен айналысатын педагог (әдетте орта арнайы немесе жоғары оқу орнында);

- **ПОҚ** – профессор-оқытушылар құрамы. Профессор-оқытушылар құрамына жататындар: кафедра менгерушісі, профессор, доцент, лектор, асистент, клиникалық тәлімгер, ментор;

- **тәлімгер** – университеттің білім беру кеңістігінде академиялық топтың сүйемелдеуді жүзеге асыратын, білім алушылардың білім беру бағдарламасын менгеру жөніндегі қызметіне және тұлғалық-кәсіби даму процесіне жетекшілік ететін оқытушы;

- **тәлімгер жұмысы** – «Оку-әдістемелік және тәрбие жұмысы» бөлімінде жеке жоспарда көзделген оқытушының қызметтік міндеті болып табылатын оқу тәрбие процесінің құрамдас бөлігі;

- **тәлімгерлер кеңесі** - академиялық топтар тәлімгерлердің әдістемелік қызметін және үйымдастыру жұмысын үйлестіретін, ЖОО-дағы тәрбие процесінің басқару жүйесіне кіретін кеңесші орган;

- **ТЖСӘҚМШЖЖБ** – тәрбие жұмысы, студенттерді әлеуметтік қолдау және мәдени-шығармашылық жобаларды жүзеге асыру бөлімі;

- **УСҮ** – университет студенттік үкіметі;

- **эдвайзер (Advisor)** – білім алушының сәйкес мамандығы бойынша академиялық жетекшісі болып табылатын, білім алу траекториясын таңдауды (студенттің жеке жоспарын жасауда) және оқу кезеңінде білім бағдарламасы менгеруде жәрдем көрсетіп отыратын оқытушы.

## 2. Тәлімгер мен эдвайзердің мақсаты мен қызметі

- 1) Тәлімгер мен эдвайзердің негізгі мақсаты белсенді азаматтық ұстанымы бағыншылардың қабілетті, үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.
- 2) Тәлімгер қызметінің міндеттері:
  - болашақ дәрігерлер ретінде қофам алдында азаматтық кемелдену мүмкіншіліктерін жауапкершілікті қалыптастыру;
  - білім алушылардың университетте оқу жағдайына бейімделуіне, білім бағдарламаларын, өзіндік жұмыс әдістерін менгеруге көмек беру;
  - білім алушылардың өз қабілеттің іске асыру, зияткерлік және рухани әлеуеттің үшін жағдай жасау;
  - білім алушыларды ішкі тәртіп ережесімен таныстыру және оның сақталуын бақылау;



- адамгершілік ұстанымын тәрбиелеу, адамгершілік мен ғарасаттылық, тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;
  - мәдени құндылықтарға бауду, рухани тәрбиелеу;
  - білім алушыларда салауатты өмір салтының артықшылығын қалыптастыру;
  - академиялық топ ұжымын қалыптастыру, оның көшбасшылары мен белсенділерін анықтауға ықпал ету, өз ынтасы мен бастамасын ынталандыру, корпоративтік рухты қалыптастыруға жәрдемдесу.
- 3) Академиялық топтардың 1 курс білім алушылар арасында тәлімгерлік тағайындалынады.
- 4) Тәлімгердің басты міндеттерінің бірі – 1 курс білім алушыларына студенттік өмірге тез және ауыртпалықсыз бейімделуге көмектесу, құқықтары және міндеттерімен таныстыру, университетте оку және окудан тыс үрдістерді үйімдастыру, ұжымды біріктіру және топта қолайлы микроклимат жасау, кәсіби өзін-өзі анықтау, белгілі бір қызмет түрлеріне қызығушылықтарын, қабілеттерін анықтау, білім берудің жеке траекториясын құру, қазіргі заманғы енбек нарығының ерекшеліктері туралы ақпараттандыру.
- 5) Тәлімгер қызметінің аясы әр түрлі болуына қарамастан, олардың барлығы жалпы қағидаттар – ашықтық, сабактастық және даралануға біріктіріледі.
- 6) 2 курстан бастап әдвайзерлер ретінде дайындық бағыттары бойынша бейінді пәндер кафедрасының оқытушылары тағайындалады. Эдвайзердің басты мақсаты – білім алушыға білім алу траекториясын анықтауға және пәндерге тіркелу кезінде көмектесу.
- 7) Жеке оку жоспарын құрастыру мен пәндерге тіркелу – бұл білім алушы мен әдвайзердің бірлескен жұмысы. Бұл жұмыс процесінде білім беру бағдарламасының талаптарын, университеттің саясаты мен рәсімдерін білу қажет.
- 8) Білім алу траекториясын таңдауға көмектесу және болашақ мамандыққа қажетті дағыларды, икемдерді және құзыреттерді таңдауға бағыттау.
- 9) Білім алушылардың жеке бәсекеге қабілеттілігін арттыру мәселелері бойынша кеңес беру.
- 10) Академиялық топ тәлімгерлері мен әдвайзерлері оку жылдарының басында мектептер/медицина факультеті декандарының өкімімен бүкіл оку жылына тағайындалады. Тәлімгерлер мен әдвайзерлер ЖОО жұмысында тәжірибесі бар штаттық ПОҚ қатарынан тағайындалады.
- 11) Академиялық топ тәлімгерлері мен әдвайзерлерін алмастыру ерекше жағдайларда ғана жүргізіледі. Тәлімгерлер мен әдвайзерлердің міндеттерін атқарудан босату себептері көрсетіле отырып, мектептер/медицина факультеті декандарының өкімімен жүргізіледі.
- 12) Академиялық топ тәлімгерлері мен әдвайзерлері мектептер/медицина факультеті деканатының және жастар саясаты басқармасының ТЖСӘҚМШЖЖ бөлімінің басшылығымен УСҮ-мен, білім алушылардың ата-аналарымен, сондай-ақ топта сабак жүргізетін оқытушылармен өзара әрекеттесе отырып жұмыс істейді.



- 13) Мектептер/медицина факультетінің деканаттары университеттің тәлімгерлер кенесімен бірлесе отырып, тәлімгерлер мен әдвайзерлердің қызметін үйлестіреді және бақылайды.
- 14) Тәлімгер мен әдвайзердің жұмысы университеттің ғылыми-педагогикалық кадрларын бағалауға қатысу үшін берілетін мінездемеде көрсетіледі.
- 15) Кафедра менгерушісі тәлімгерлер мен әдвайзерлер болып тағайындалған оқытушылардың жұмысына жауапты болады.

### 3. Тәлімгер мен әдвайзердің құқықтары мен міндеттері

#### 3.1 Академиялық топ тәлімгері мен әдвайзері құқылы:

- 1) білім алушылардың оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру, жатақханадағы мәдени-тұрмыстық жағдайларын жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу;
- 2) университетте бекітілген ынталандыру (мадактау) түрлеріне сәйкес белсенді білім алушылар туралы өтініш жасауға;
- 3) академиялық топтардың өміріне байланысты барлық мәселелерді шешуге белсенді қатысуға;
- 4) білім алушылар жайында деканаттардағы барлық қажетті мәліметтерді пайдалануға;
- 5) білім алушылардың ата-анасы немесе туыстарымен байланыс жасауға;
- 6) студенттік өзін-өзі басқару органдарының жұмысына қатысу, олардың қызметін жақсартуға ұсыныс жасау, топ студенттерін осы органдардың жұмысына қатысты шұғыл тапсырмаларды орындауға тарту, студенттік өзін-өзі басқару органдарына сайлау кезінде үміткер студенттерді ұсынуға.

#### 3.2 Тәлімгер міндетті:

- 1) Оқу жылының басында білім алушыларды университеттің ішкі оқу тәртібінің ережесі, университет студентінің Ар-намыс кодексімен және басқа да білім беру, ғылым мен жастар саясаты саласындағы нормативтік-құқықтық актілермен таныстыруға;
- 2) Білім алушыларды университеттің қалыптасу тарихымен, оның негізгі қызмет бағыттары, дәстүрлері және құндылықтарымен таныстыру, университет тарихы мұражайына экскурсия ұйымдастыру, білім алушыларды университеттің құндылықтары мен дәстүрлеріне, корпоративтік мәдениетке баулуға;
- 3) Білім алушыларға университетте жұмыс жасайтын қоғамдық ұйымдар, студенттік шығармашылық үйрмелер, спорттық секциялар, қызығушылықтары бойынша клубтар, кітапхана жұмысы мен кітапхана қорын пайдалану тәртібі, білім беру бағдарламаларын игеру бойынша қызметті ұйымдастыру туралы хабардар етуге;
- 4) Универитетте оқуға бейімделуі қындыққа түсken білім алушылармен жеке жұмыс жүргізуғе;
- 5) Білім алушылардың ата-анасымен қарым-қатыныс орнатып, байланыста болуға, балаларының сабакка келмеу себептері мен оқу жетістіктері туралы мәліметтерді уақытында құлағдар етуге;
- 6) Жетекшілік ететін топтарда оқитын жағдайы төмен және көпбалалы отбасыдан шықкан, жетім, мугедек, «Д» есебінде тұратын студенттер жайында хабардар



булуға;

- 7) Білім алушыларға таңдаған мамандығына бейімделуіне психологиялық педагогикалық, консультациялық, үйымдастырушылық көмек көрсетуге;
- 8) Университеттің дәстүрлерін сақтау және көбейту, "Рухани жаңғыру" бағдарламасын іске асыру және т. б. бойынша іс-шараларды өткізу студенттердің белсенділігін жандандыруға;
- 9) Профессорлардың қатысуымен қалалық және республикалық деңгейде студенттерді волонтерлік қозғалыстарға, әлеуметтік жобаларға, бейәлеуметтік мінез-құлықтың алдын алу және салауатты өмір салтын (СӨС) насихаттағаннанdegі жұмысқа тартуға;
- 10) Тәлімгер мен әдвайзер келесі құжаттарды жүргізуге міндетті: жұмыс жоспары мен жылдық есеп.
- 11) Тәлімгер мен әдвайзер жұмысының негізгі принциптері: кәсібилік жауапкершілік, төзімділік.

#### 4. Біліктілік талаптары

Тәлімгер мен әдвайзерге қойылатын біліктілік талаптары:

- 1) Жоғары кәсіби немесе педагогикалық білім және университеттегі жұмыс өтілі (екі) жылдан кем болмауы керек.
- 2) Атқаратын лауазымы және құжаттамамен жұмыс жүргізу аясында мамандығы бойынша мемлекеттік тілді және шет тілін толыққанды қолдану мүмкіндігін камтамасыз ететін, кәсіби деңгейде мемлекеттік тілді және неғұрлым кетаралған шет тілдерінің бірін менгерген жөн.
- 3) Жігерлілік, белсенділік, адамдармен тіл табыса білу/тіл тапқыштық, жоғары үйымдастырушылық қабілеттерге ие болуы тиіс;
- 4) Тәлімгерлер мен әдвайзерлерді іріктеу тиісті мектептер/медицина факультетінің декандарымен жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес жүргізіледі және декандардың өкімімен ағымдағы оқу жылына тағайындалады.
- 5) Іріктелген тәлімгерлер мен әдвайзерлердің арасынан мектептер/медицина факультетінің аға тәлімгерлері мен әдвайзерлері тағайындалады.

#### 5. Университет тәлімгерлер кеңесі

- 1) Университет тәлімгерлер кеңесі мектеп аға тәлімгерлерінің жұмысын үйлестіріп әдістемелік және үйымдастырушылық қолдау көрсетеді.
- 2) Университет тәлімгерлер кеңесі құрамына мектептер/медицина факультетінің тәрбие жұмысы бойынша декан орынбасарлары, аға тәлімгерлер, профессорлар жастар саясаты басқармасының қызметкерлері кіреді.
- 3) Қадағалаушы проректор немесе жастар саясаты басқармасының басшысы университет тәлімгерлер кеңесінің төрағасы болып табылады.
- 4) Кеңес отырысы 2 айда 1 рет өткізіледі.
- 5) Университет тәлімгерлер кеңесі келесі қызметті атқарады:
  - тәлімгерлер мен әдвайзерлер жұмысын үйлестіру және қадағалау;
  - академиялық топ тәлімгерлерінің жұмыс тәжірибесін зерттеу, жинақтап қорытындылау және оларды тарату;



- тәрбие жұмысының жаңа формалары мен әдістерін қолдану және тәжірибе алмасу үшін тәлімгерлер мен әдвайзерлерге арналған семинарлар, мастер-кластар ұйымдастыру;
- болім алушылармен жүргізілетін тәрбие жұмыстарының әдістемелік мәселелері бойынша ұсыныстар мен ұсынымдар өзірлеу.

## 6. Жауапкершілігі

- 1) Осы ережемен жүктелген тәлімгерлер мен әдвайзерлердің атқаратын қызметінің берлік бағыты бойынша жұмыс жоспарының сапалы және уақытында орындалуына тиісті мектептер/медицина факультеті декандары жауапты болады.
- 2) Тәлімгерлік және әдвайзерлік қызметті үйлестіру, бақылау, мониторинг жүргізуі тиісті деканаттар тәлімгерлер кеңесімен бірлесіп атқарады. Тәлімгерлер мен әдвайзерлердің жұмысын бағалау оқу жылының соңында олардың оқу-тәрбие жұмысын жүргізудегі белсенділігін ескере отырып, академиялық топтың оку, ғылыми және тәрбие жұмысын кешенді талдау негізінде жүргізіледі.
- 3) Тәлімгерлер мен әдвайзерлердің жұмысын бағалауды университет деканаттарымен бірлесіп жастар саясаты басқармасының ТЖСӘҚМШЖЖ бөлімі жүргізеді.

## 7. Корытынды Ереже

- 1) Осы ереже «С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ» КЕАҚ қызметкерлермен жұмыс жүргізуі үйымдастырудың бір бөлігі болып табылады.
- 2) Осы ережеде белгіленген тәртіп бойынша жасалған университет әкімшілігінің үйымдық жарғылық актілерімен және ішкі нормативтік құжаттарымен университеттің өндірістік-шаруашылық қызметі процесі кезінде нақтылануы және толықтырылуы, өзгертуі мүмкін университеттің жалпы құрылымының ішіндегі бөлімнің құқықтық ережесін және оның қызмет саласын регламенттейтін негізгі нормалар берілген.
- 3) Осы ережені қол астындағы қызметкерлерге және Университеттің басқа да мүдделі лауазымды тұлғаларына жеткізу және оның орындалуын қадағалау, өзектілігін қамтамасыз ету міндеті жастар саясаты басқарма басшысына жүктеледі.



**8. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ**

№	Параллелдердегі негіздегілік тәсіл	Атапайтынан жасалған негіздегілік	Өзгеріс енгізу	Қолы	Аты-жөні	Күні	Өзгеріс енгізілген күн
1							
2							
3							
4							
5							
6							
7							
8							
9							
10							
11							
12							
13							
14							
15							
16							
17							
18							
19							
20							
21							
22							
23							
24							
25							
26							
27							
28							
29							
30							
31							
32							
33							
34							
35							
36							
37							
38							
39							
40							
41							
42							
43							
44							
45							
46							
47							
48							
49							
50							
51							
52							
53							
54							
55							
56							
57							
58							
59							
60							
61							
62							
63							
64							
65							
66							
67							
68							
69							
70							
71							
72							
73							
74							
75							
76							
77							
78							
79							
80							
81							
82							
83							
84							
85							
86							
87							
88							
89							
90							
91							
92							
93							
94							
95							
96							
97							
98							
99							
100							



ПРОНУМЕРОВАНИЯ  
ПРОШНУРОВ  
НА О «КазНМУ» // А

